

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 ақпандағы N 187 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 28 мамырдағы N 505 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу кәсіпорындарына олардың айналым қаражатын толықтыруға екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 ақпандағы N 187 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу кәсіпорындарына олардың айналым қаражатын толықтыруға екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялау ережесінде:

3-тармақтағы "2008 жылға" деген сөздер ", 109 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу" бағдарламасы бойынша 2008 жылға" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақтың 1) тармақшасындағы "14,5 (он төрт бүтін оннан бес)" деген сөздер "16" (он алты)" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген Ережеге 1-қосымшадағы "кіші бағдарламасын" деген сөздер "кіші бағдарламасын, 109 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу" бағдарламасын" деген сөздермен ауыстырылсын ;

көрсетілген Ережеге 5-қосымшадағы "ашылған банктің" деген сөздер ", 109 " Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу" бағдарламасы бойынша ашылған банктің" деген сөздермен ауыстырылсын ;

көрсетілген Ережеге 7-қосымшада тақырыбындағы "банк кредиті" деген сөздер ", 109 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу" бағдарламасы бойынша банк кредиті" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К.Мәсімов*